



Қыздарбекова М.А.

ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІ

В этой статье рассматриваются актуальные проблемы глобализации.

The actual problems of globalization are considered in this article.

XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында «жаһандану идеясы» бүкіл адамзаттын жан дүниесінде тұрақты орын алған сияқты. Бірде – бір мемлекет жаһандану процесінен тыс қалмауда. Жаһандану дегеніміз қашықтықтың қысқаруы, бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Ол өте тез қарқынмен жүріп жатқан үрдіс.

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдау екенін түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылардың табанды қарсылығына тап болуда. Жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіпке әкеліп тірейді. Өйткені, өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айнала бастады. Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, окшау бола алмайды. Бұл белгілі мәселе. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіру керек.

Бүгінгі таңда қазақ елі өз төл мәдениеті мен біршама халықтарды таныстырып, солардың қошеметіне ие болды. Қоғамды материалистік тұрғыдан қарау метадиалогиясының тұрғысынан алып қарағанда, жаһандану үрдісінің негізінде ғылыми техникалық революция жетістіктерін пайдалану арқылы өндіргіш күштердің күрт дамуы млрд. тонна тауарлардың бір елден екінші елге өтуі, байланыс жүйелерінің жетілуі т.с.с. құбылыстар жатыр. Екінші жағынан табиғи ресурстардың Жер бетінде әр түрлі шоғырлануы, сондықтан елдердің бір-бірімен осы байлықпен бөлісуі, алмасу мәселелері жаһандану үрдісіне де өз ықпалын тигізбей қоймайды.



Жаһандану үрдісі әртүрлі елдермен жақындасу, бүкіл адамзаттың ортақ тағдырын сезіну, ұлттық мәдениет жетісіктері, жаңа технологиялармен алмасуға әкеледі. Сонымен қатар жаһандану үрдісі біршама бүкіладамзаттық теріс салдары бар проблема тудырады. Ең бірінші орында ядролық соғыс қаруының жетілуі мен халықаралық шеңберінен шығып кетуі жатыр [1].

Екінші үлкен мәселе - бүгінгі қалыптасқан тәндік-сезімдік өмір бағыты негізінде тойымсыздық, табиғи ресурстардың өлшемсіз пайдалану, қоршаған ортаны ластау адамзатты болашақ экологиялық апатқа әкелу мүмкіндігі. «Табиғат» ұғымы, негізінен, үш мағынада қолданылады. Ең кен түрде алғанда Дүниеде табиғаттан басқа еш нәрсе жоқ (Құдай идеясын жақшаға алсақ). Қазіргі америка астрофизиктерінің деректеріне сүйенсек, бұл дүние осыдан 13 млрд. жыл бұрын «Үлкен Жарылыстың» негізінде пайда болды. Яғни Ғарыштың бір шеті мен екіншісіне дейінгі қашықтық -13 млрд. сәулелі жылдар. Үшінші-демографиялық мәселелер, яғни жер бетіндегі халықтың тым тез қарқынмен өсуі. Егер соңғы мыңжылдықта жер бетіндегі халықтың саны 15 есе өссе, оның бірінші рет екі есеге өсуі 700 жылда болса, соңғысы 40 жылда. Демографтардың болжауынша, алдағы уақытта Үндістан халқының саны қытайлықтардан да гөрі өсіп, ал Африкада халықтың саны 1,5 млрд. дейін жетуі мүмкін. Тағы бір мәселе халықтың білім деңгейін көтермей, бүгінгі технологияларды игеру мүмкін емес.

Жаһандану мәселелерін шешу жолдарын зерттеуде, екі бағыт қалыптасты. Олар: технооптимизм (болашақ жарқын) және технопессимизм (болашақ қасіретті).

Технооптимистік көзқарастар өз мәресіне XX ғ. 60 жж. жетті. Ол кезде ғылыми-техникалық революция (ҒТР) жетістіктерін кеңінен өндірісте пайдалану қарқын алған болатын. Дж.Гелбрайт, Р.Арон т.б. ғалымдар ғылым мен техниканың дамуы «бұқаралық нарықты» тудырып, болашақта Жер бетіндегі барлық халықтарға тамаша өмір әкеледі деген ой тастады. 80 жж. Д.Белл, Ж.Фурастье, А.Тофлер сияқты ғалымдар «ғылымның негізгі өндіргіш күшке» айналуына байланысты, барлық жер бетінде қорланған мәселелерді компьютерлік технологияларды өмірге енгізу арқылы шешуге болатынын айтты. Алайда жақын арада-ақ, ҒТР-дың теріс салдарлары да айқындала бастады. Көп елдер экологиялық дағдарысқа ұшырады. Шикізат қорлары шексіз еместігі анықтала бастады. Дамыған елдер мен артта қалған елдердің арасында қайшылық өсе бастады т.с.с. Әрине, бұл теріс өзгерістер технооптимистік көзқарастарды тудырды.

Технопессимизм (Г.Маркузе, К.Лоренц, Д.Гудмен т.б.) қазіргі қоғам адамдарды ғылым мен техниканың құлына айналдырады деген пікір айтты. К.Лоренц ҒТР адамдарды мыңдаған жылдар бойы бейімделген табиғи қоршаған ортадан жұлып алып, «тастан жасалған джунглиге» қамады. Кейбір адамдар жылдар бойы табиғатқа шыға алмайды. Автоматтар адамдарды ауыр қара жұмыстан босатқанмен, оның жүйкесін анағұрлым тез тоздырады. Қиындығы жоқ жеңіл өмір адамның күшті сезімдерін, өмірге деген жігерін әлсіретіп, зерігуге әкеледі. Іші пысқан адам не істерін білмей, өз өміріне қанағаттанбай нашамен әуестене бастайды... [1].

Технопессимистер тәндік-сезімдік өмір бағдарламасынан бас тарту, тойымсыздық пиғылды жою, қанағатқа келу мәселелерін көтерді.

Ақпарат алмасу саласындағы жаңа технологиялық төңкеріс болып табылған – Ғаламтордың пайда болуымен етене байланысып жатқан әлемдегі адамзаттың өзара тәуелді байланысының қалыптасуы жаһандану үдерісін туындатты. Жаһандануға адамзат өміріне саяси- экономикалық өзгерістер әкелетін құбылыс деп қана қарауға болмайды. «Жаһандану» ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, ғаламдық қатынастарға бейімделу деген үлкен мәселені күн тәртібіне қойып отыр. Қай тарихи-мәдени кезеңнің болмасын өзіндік бір бет-бейнесін танытатын басым идеологиялық сарыны, парадигмасы болады. Соңғы ұғым – парадигмаға келетін болсақ, оны ғылыми қолданысқа енгізген Т.Кун еді. Кунның түсінігінше, парадигма – ғылыми қауымдастық қабылдаған және ғылыми дәстүрдің өмір сүруін қамтамасыз ететін сенімдер, құндылықтар және техникалық дәстүрлер жиынтығы. Ғылыми аядан тысқары жерде де парадигма ұғымы кен қолданысқа түсіп жүр. Жалпы, кен мағынасында, парадигма нақты тарихи - мәдени кезеңнің ділдік өзегін білдіреді. Яғни, парадигма деп заманауи сананың патенттерін айтамыз.

Жаһандану дегеніміз бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы.

Босағаны енді аттап өткен XXI ғасырдың парадигмалық идеясы, бәлкім, жаһандану болмақ. Аты айтып тұрғандай, жаһандану қандай да болмасын процестің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мемлекет, өркениет немесе континент шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық – жұмыр жерлік, бүкіл жаһандық деңгейде көрініс тауып,



маңызға ие болуын танытатын ұғым. Бүкіл әлемде бір түрлі мәдени үлгілердің таралуы, мәдени ықпалға шекараны ашу және кеңейіп келе жатқан мәдени қарым-қатынас қазіргі мәдениеттегі жаһандану туралы айтуды қажет етеді. Жаһандану идеясының өзіне келетін болсақ, оның тұп-тамырымен кәрі тарих қойнауында жатқандығын байқаймыз.

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер біркіндікті жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Негізгі кіндігі еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениеті болып отыр. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдау екенін түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылардың табанды қарсылығына тап болуда. Бұл тұрғыда негізгі келіспеушілік өркениеттердің өзара кірігуі мен ұштасып кетуіне қарсылықта болып тұр. Анығырақ айтқанда, жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіпке әкеліп тірейді. Өйткені, өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айнала бастады. Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Рас, Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет, алайда, Батыс өркениетінің қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйретуі, оны технологиялық тұрғыдан бөлшектеп сату түрінде түсіндіруі, бұл мәселеде бізге үлгі бола алмайды. Сондықтан Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың нышаны емес. Тағы да қайталап айтудың реті келіп тұр, батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды еш уақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Қанша аз уақыт жұмсалса, сонша пайдасы көп. Алайда басы ашық мәселенің бірі – қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Бұл шығар күндей анық мәселе. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіптілеу болып көрінетін құбылыстың игілігін көреді. Егер жаһандануды ұлттық мемлекеттік болмысқа икемдей алмасақ, оның ықпалына түсіп алып, жалаң еліктеуге ұрынатын болсақ, онда мемлекет те, сол мемлекетті жасап отырған ұлт та геосаяси тобырға айналып, рухани жаулаушы өркениеттің құлақкесті құлы болып қала береді [3].

Жаһанданудың қазіргі заманғы қоғамдарға экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыда тікелей жана серпін беретіні баршаға аян. Экономикалық саланың ауқымына сыймайтын осы феномен елдердің өзара қарым-қатынасын күшейте отырып, сәйкестік пен мәдени саналуандық проблемасына тікелей ықпал етіп, бізге бұрын белгісіз болған алапаттар мен соларға шара қолданудың жана тәсілдерін табуы талап етеді. Бірқалыпты және белгілі стандартты мәдени үлгілерді бүкіл әлем бойынша тарату осы заманғы мәдени жаһанданудың тікелей салдарына айналып отыр. Бұған бірқатар факторлар себеп болды, солардың ішінде мәдени ықпал жасау мен қарым-қатынас үшін шекаралардың ашықтығы, бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе ғаламды “виртуалды деревняға” айналдырған телевизияның теңдессіз әсері, және ең соңында, адамзат баласының бұрын- соңды болмаған әлеуметтік жұмылғыштығының ауқымдарын атап кеткен жөн. Жаһандану процестері міндетті түрде бірыңғай (біртұтас) мәдениет құруды талап етпесе де, зерттеулер көрсеткендей ол, космополитті және мәдени біркелкілікті, бұқаралықты, ұлттық мәдениеттердің, әсіресе әлемдік аренада бекіп үлгермеген, басым емес мәдениеттердің шекараларын жою үрдісін енгізіп отыр. Мұндай жағдайда мәдени жаһандану әсіресе біздің мәдениетке қауіп-қатер тудыруы әбден мүмкін. Бірақ бұл жаһандануды теріске шығаруды емес, керісінше, оған сын көзбен қарай отырып, “біраз” өзгертулер мен түзетулер жасауды меңзейді [4].



Осыған байланысты, жаһандану “хаосын” бақылау тетігінің бірі ретінде мәдениеттердің ерекшелігін әлеуметтің танып-білу, яғни олардың өзіндік ерекшеліктерін, қайталанбас өзгешеліктерін әйгілеуі заңды құбылыс және бұл кездейсоқ процесс те емес. Бұл мәдени өзіндік оқшаулануды немесе “мәдени гетто” жасауды білдірмейді, өйткені әрбір ұлттық мәдениетте барлығына ортақ базалық гуманистік құндылықтар негізделген. Оның үстіне, жаһандану мәдени мұра туралы ғаламдық ауқымда да, сондай-ақ жергілікті ұлттық ауқымда да білім мен ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сондықтан ұлттық мәдениет жаһандану мұхитының иіріміне батып кетпеу үшін оған темірқазықтай бағдар болатын мемлекеттің күш-жігері қажет. Адамзат тарихы мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы айырмашылықтардың көбіне жанжал мен зорлық-зомбылықты ақтау үшін себеп ретінде пайдаланылғанын айғақтайды. Өкінішке қарай, бүгінгі заманның да тұрақты еместігін, керісінше одан сайын ушыға түскенін амалсыз мойындауға тура келеді [5].

Әдебиеттер:

1. Серік Мырзалы. Философия – Алматы, 2008.
2. Нысанбаев А.Н., Сейтахметова Н.Л., Колчигин С.Ю., Нурмуратов С.Е., Мансурова А.С. Қазақстан Республикасы: мемлекеттік құрылыстық тәжірибесі және әлеуметтік-саяси жаңарудың болашағы жаңарудың болашағы.
3. Абенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері. - Алматы, 2005.
4. Молдабеков Ж. Шығыс философиясы. –Түркістан, 2007.
5. Бейсенов Қ. Философия тарихы. – Шымкент, 2005.